

УДК. 316.6

**БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ӨЗІН-ӨЗІ
АНЫҚТАУҒА БЕЙІМДЕУ**

Кошанова Мараш Төлегенқызы

marash.koshanova70@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Педагогика және психология мамандығының
1-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Медеуова Мариям

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Педагогика және психология
мамандығының 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші – П.Б.Сейітқазы

Қазіргі таңда білім беру реформаларын толығымен реформалаудың өзектілігі ғылым мен техниканың, мәдениеттің жоғары жетістіктерімен тығыз байланысты [1, б. 5].

Қоғам педагогтарға оқушылардың бүкіл өмірін ұйымдастыру процесінде күрделі өзгерістер енгізуге дағдыланған, тұлғалық дамуына кепілдік бере алатын, шебер әрі кәсіби құзырлы мамандар ретінде қарайтын болғандықтан олар тек қана педагогтың іс-әрекет шеберлігін жеке әдіс-тәсілдердің жүйесі деп есептемей педагогикалық тұрғыдан құзырлы болуы керек.

Үздіксіз білім беру жүйесінде лайықты орны бар жоғары оқу орындары үшін де студенттердің өздігінше білім алуға барынша ықпал ету, бағамды бағыттар беру арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесі үлкен міндеттер жүктейді. Осы тұрғыдан ойды әрі қарай жалғастыратын болсақ, білім беруде тек білімді меңгерту, білік пен дағдыларды қалыптастыру жеткіліксіз [2, б.4].

Керісінше, білім, білік дағдылар арқылы жеке тұлғаның үйлесімді түрде эмоционалды, ақыл-ой, адамгершілік, рухани-құндылық, еріктік, дене жағынан толыққанды дамуы өте маңызды. Себебі, ол мәдени құндылықтар мен ғылыми білімдерді меңгереді. Осыған орай жүріп жатқан модернизациялау үрдісі - республикадағы білімнің сапасын арттырып, оның Халықаралық білім кеңістігіне кірігуіне деген қажеттіліктерін қанағаттандырады, еліміздің өркендеген елдердің қатарынан көрінуге деген талабына тұғыр болады деп күтілуде.

Модернизациялаудың құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы стратегиялық дамуының 2030жылға дейінгі бағдарламасы сонымен қатар басқа да нормативтік құжаттар құрайды.

Қазіргі таңда «қоғамдық дамудың әр қилы кезеңдерінде туындағын сұрақтарға толық жауап беруге дайын тұлға қажет» деген пікірге жауап іздеу күн тәртібінен түспеуі тиіс. Бұл бағытта мектеп пен ЖОО орындарының маңызы зор. Себебі: біріншіден мектеп қоғамдық сананы қалыптастырады; қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзінің үлесін қосады. Екіншіден, ЖОО Қазақстандық білім беру жүйесінде сапалы білім бере отырып, бойында ізгілікті қасиетті қалыптастырған саналы ұрпақты тәрбиелейді [3, б. 5].

Білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – бәсекелестік қабілетке ие шығармашыл, белгілі бір білім мен дағдыларды меңгеріп қана қоймай, креативті потенциалды жетілдіру болып табылады.

Зерттеуші ғалымдар оқытудағы креативтілік белсенділігін қалыптастыру мәселелерін адам өмірінің әр түрлі кәсіби этаптарында шешудің түрлі жолдарын терең зерделеп зерттеген. Атап айтсақ:

Сабыров Т.С., Н.Д.Хмель, Б.А.Оспанова оқу үрдісінде қатысушылардың екі жақты сипаты әсері негізінде оқытушы мен білімгердің бірлескен іс-әрекеті арқылы;

Н.Меньчинская, П.Пидкасистый, Т.Шамова, А.А.Әбілхасымова, А.Мустояпова креативтілік іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы;

И.Лернер, А.И.Кочетов оқытудағы әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы;

П.Гальперин, Н.Талызина іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерге орай, білім мен іс-әрекеттің әдіс, тәсілдерін меңгерудің қажеттігіне икемдейтін шарттарды, өзін-өзі анықтаудың талаптарын, жағдаяттарды шешудің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың ерекшеліктерін ұйымдастыруда білімгердің креативтілігін қалыптастыруға дағдыландыру қажет.

Оқу үрдісінің практикалық сабақтарына кіріктірілген коммуникативтік-танымдық жағдаяттарды шешу формасында студенттердің ақпаратты қаншалықты меңгергендігін тексеруде креативті ойлауын дамыту контесінде жүргізу тиімді.

Ғылым мен техника саласында қарым-қатынас негізгі құралға жатса (жазбаша тіркелген сөз), онда студенттің креативті ойлауының дамуы оның креативті-

герменевтикалық технологияларын жетілдіруді қосуды талап етеді. Бұл жерде герменевтиканы адамның әлеммен байланысы туралы қарастыру қажет [4].

Креативтіліктің критерийлерінің бірі ретінде — метаформаны алуға болады. Себебі метафораларды пайдалану арқылы біз студенттерді — ерекше контексте жұмыс істеуге икемдеуге, символдық, ассоциативті ойлауға машықтандыруға, қарапайымнан күрделіні ал күрделіден қарапайымды көре білу қабілетінің қызығушылығын дамытамыз .

Р.Стернбергтің пікірі бойынша креативтілік орынды жерде тәуекелге бара білу қабілеті, кедергілерді жеңе білу, айқын емес нәрсеге, белгізідікке төзімділік таныту, қоршаған ортаның пікіріне қарсы тұра білу. Шығармашылық орта болмаған жағдайда, креативтілік қабілеттің көрінуі мүмкін емес [5, б. 130].

Сондықтан тұлғаның шығармашылық сапасын практикалық сабақта дамыту үшін жоғарыда сөз болған метафораларды пайдалана отырып оқыту үрдісіне медиа-ресурстарды пайдалану арқылы оны басқа қырынан көруге болады. Оның мәні келесідей анықталады:

Студенттердің тұлғалық-бағдарлық қасиеттерінің қаншалықты дәрежеде дамығандығын білу үшін «Көп сөз – көмір» деген метафораны пайдаланып: «Топтас студенттердің осы метафорамен байланысы қаншалықты? - деп сұрақ бере отырып олардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынасын байқауға болады. Бұл жерде: бір топтағы студенттердің қандай темперамент типтеріне жататынын анықтау үшін болашақ педагог-психологтарға оның рөлін төмендегі ББҮ кестесін толтыруды ұсынуға болады (1-кесте).

Кесте 1. ББҮ кестесі

<i>Білемін</i>	<i>Білгім келеді</i>	<i>Үйрендім</i>

Сондықтан ең бастысы, нақты кәсіби іс әрекетте анықтау, қалыптастыру, дамыту, жетілдіру және студентке қажетті сапалардың, топтық іс-әрекеттің оның өзінің бағалауын ұғыну үшін: кәсіби жарамдылығын, кәсіби өзін-өзі анықтауына дәнекер болады. Демек, кәсіби құзыретті психологиялық-педагогикалық механизмнің ортасындағы басты орын - маманның өзін-өзі бағалауы.

Болашақ маманның креативтілігін дамыту мақсатында оларға «суретші» ретінде өзі қалаған және өзіне ыңғайлы этюдтарды, пантомималарды, мүсіндерді тапсырмада қолдануға, сонымен қатар, «портрет» жасау үшін аппликация, эпиграмма, тіпті болмаса өзі ойынан өлең жазуына да болатындықтары туралы нұсқама беру.

Жұмыстың осы түрі үлкен маңызға ие, себебі студенттерге жұмысты нақты жоспарлауға, медиамәтіндерді талдауға үйретіп, шығармашылық деңгейі жоғары тұлғаның қалыптасуына негіз болады. Өйткені берілген тапсырма, студенттің бір топтағы білімгердің медиамәтіндердегі адамның сыртқы көрінісі емес, оның жеке қасиеттері, тұлғалық көрінісі жұмбақ болып оны топтағы білімгердің портретін суреттеумен байланыстыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Сондықтан студенттердің өзіндік ізденуі, шығармашылықпен жұмыс істеуі, білімі мен біліктерін қазіргі заманның жаңа жағдаяттарына пайдалана білуі маңызды. Сонымен қатар, ақпараттық, коммуникативтік, креативтік және өзіне-өзі бағалау біліктерін меңгеруге ынтасының болуын бағдарлайды (2-кесте).

Кесте 2. Оқу біліктері мен компоненттер сипаттамасы

Оқу біліктері	Компоненттері		
	Мотивтік	Мазмұндық	Іс-әрекеттік
Ақпараттық	- ақпараттарды іздеу,	- оқу материалдарын	- ақпараттарды оқу іс-

	талдау және таңдап алу;	жіктеу; - ақпараттарды өңдеу және өзгерту;	әрекеті үрдісінде қолдану;
Коммуникативтік	- педагогикалық ұжымда оңтайлы қарым-қатынас құру;	- топпен жұмыс жасау; - ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөл атқару;	- мақсат қою; - жоспарлау; - талдау;
Креативтік	- білімгердің мақсатты оқу біліктеріне жету жолындағы талаптануы, жігері мен ізденісінің ақыл-ойдың ерекше бітімінен көрінуі;	- өзіндік танымдық және шығармашылық іс-әрекетке байланысты білім-біліктерді игеру;	- білімгердің өз бетінше ойлауы мен іс-әрекетінің жоғарылауы;
Өзін-өзі бағалау	- ұйымдастырылған іс-әрекетпен оның өзін-өзі бағалауды іске асыру.	- ақыл-ой қызметін (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, бақылау және т.б.) жүзеге асыра алуы.	- өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетті бақылау, оған түзету енгізе алу және нәтижелеріне рефлексия жасай білу.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың медиа-ресурстарды пайдалану арқылы креативті тұлғасын қалыптастыру жеке тұлғаның дамуына, психологиялық механизмдер арқылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға және өз болашағы мен қоғам өміріндегі құндылықтар мен ізгілікті көзқарастардың қалыптасуына себепін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кенжебеков Б.Т. Қазіргі заманғы педагогтың жеке тұлғасын кәсіби бағытта дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Алматы, 2006ж. 54 бет. Б.5
2. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. Алматы 2008ж. – 169 бет. Б.4
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауы.
Электронды ресурсы:[http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy].
4. Баранов О.А. Медиаобразование в школе и вузе. Тверь: Изд-во Твер. гос. -ун-та, 2002. - 87 с.
5. Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология научного исследования. – М.:Либроком. – С. 164. Б. 130
6. Сейітқазы П.Б., Ташетов А.А. Медиабілім үрдісінің Қазақстандағы қазіргі жағдайы // Заманауи педагог мамандарды даярлаудың өзекті мәселелері. – Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция. -Астана, 2014.- № 2. - Б. 166-168.